

ӘОЖ 811.512.122

МӘТІННІҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Кунева Қарлығаш Елеусизовна

Kuneva_K@cpi.nis.edu.kz

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, 7М02305 – “Қазақ филологиясы”
білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - ф.ғ.к., доцент м.а. С.С.Шоқабаева

Мәтін лингвистикасы қазіргі кезде мәтінді тілдік, қатынастық құбылыс ретінде контекстік және құрылымдық тұрғыдан қарастыратын тіл білімінің бір бағыты болып отыр. Әдетте тіл білімінде «мәтін» ретінде жалпы кез-келген әңгімені, мыңдаған жолдан тұратын дастанға, көп томдық кітапқа дейінгі көлемі шектелмеген тілдік туындыны қарастырамыз. «Мәтін лингвистикасының нысаны ретінде аяқталған біртұтас көлемді немесе шағын мәтіндер және мәтіннің тұлға-бірлігі ретінде танылатын күрделі фразалық тұтасымдар, яғни мәтіннің кішігірім бөліктері алынады. Тұтас макро-мәтіндерге газет, ғылыми журнал мақалалары, монография,

оқулық, ресми-іс қағаздары, роман, повесть, поэма тағы басқалары жатады» [1,7]. Мәтін ерекше құбылыс ретінде көптеген зерттеушілердің еңбегінде қарастырылған. Мысалы, О.Қ.Жармакин, Қ.Б.Мағзұмов мәтінге мынадай анықтама береді: «Мәтін – мағыналық және құрылымдық аяқталуымен, автордың хабарға көзқарасымен, хабардың нысандылығымен және прагматикалық ұстанымымен сипатталатын ауызша немесе жазбаша формадағы хабар» [2, 9]. Егер зерттеу нысаны тұрғысынан қарайтын болсақ, барлық мәтін ол ауызша болсын, жазбаша болсын, қашан да ғылыми зерттеудің ең басты объектісі болып табылады. Ол арқылы адамның ой-өрісі, жалпы руханият зерттеледі. Осылай қарастыратын болсақ, адамзат мәдениеті үлкен бір шексіз мәтін болып шығады, демек ұлттық мәдениет – ұлттық дүниетаныммен көмкерілген ұлттық мәтін болып шыққаны. Демек, мәтінді лингвистика, әдебиеттану, психология, тарих, мәдениеттану ғылымдарының зерттеу объектісі ретінде қарастыруға болады.

Психоллингвистикалық аспект тұрғысынан алғанда, мәтін – адамның сөйлеу әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Бұл салада айрықша назар аударылатын мәселе – мәтінді қабылдау және оны түсіну әрекеті. Өйткені мәтін психологиялық тұрғыдан адамға бағытталады және оны оқырман өз таным-түйсігіне қарай түсінеді және қабылдайды. Мәтінге деген қызығушылықтың астарында тілдік санаға деген қызығушылық жатыр. Ал тілдік санадан тілдік тұлға, индивидтің ойлау жүйесіне деген қызығушылық мәселелері туындайды. Әрбір мәтінге талдау жүргізу арқылы тілдік тұлғаны тануға болады.

Жеке тұлғаның өз бетінше білім алуы мен дамуына қажетті негізгі құралдардың бірі оқу сауаттылығы болып табылады. Оқу сауаттылығын қалыптастырудың негізгі құралы ретінде мәтіннің атқаратын қызметі зор. Мәтінмен жұмыс істеу дағдысы кез келген жастағы адам үшін маңызды. Қазіргі сандық ақпараттық заманда адамдардың визуалды қабылдау коды басым болады, сондықтан вербалды-логикалық ойлауды қалыптастыру үшін аралас мәтін түрінде берілген ақпаратты түсіну және қолдану дағдысының дамуына көңіл бөлу қажет. Бұл орайда мәтіннің қызметі белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Мәтіндер кез келген формада сөйлеу әрекетінің субъектілерінен тыс, коммуникацияның талабы бойынша ауызша не жазбаша сөйлеу арқылы тыңдаушыға әсер етуі тиіс. Демек, кез келген мәтін түрінің негізгі қызметі адресатқа әсер ету болып табылады. Жоғары ойлау дағдыларының біртұтас бірлігі ретінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда мәтіндердің аталған қызметінің маңызы зор. Оқу сауаттылығын қалыптастыру үш құрамдас бөліктен тұрады. Ол адамның кез келген түрдегі, формадағы мәтінді оқу барысында оқығанын түсіну қабілетін қалыптастыру, мәтін ақпаратын пайдалана алуға үйрету және мәтіндегі ақпаратқа қатысты қорытынды жасау, салыстыру, талдау, бағалау сияқты жоғары ойлау қабілетін дамыту болып табылады. Осы орайда, мәтін, жағдаят және сұрақ – оқу сауаттылығын бағалаудың үш негізгі параметрлері болып табылады. Мәтін әрқашан коммуникативтік жағдаяттарға, тілдік материалды қолданушы мен тыңдаушыға байланысты болып келеді әрі автордың белгілі бір бағытты таңдауының нәтижесі болады. Осыдан мәтіннің мазмұны құралады.

PISA халықаралық зерттеуінде оқу сауаттылығы ұғымын оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы деп түсінуге болады. Оқушылардың оқу сауаттылықтарын тексеру оқу техникасы немесе мәтіннің мазмұнын нақты түсінуін бағалауға емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған [3].

Оқу сауаттылығын қалыптастыру бағытында жұмыс жасау үдерісінде оқушының күнделікті өмірде кездесетін маңызды өмірлік шешімдерді дұрыс қабылдауына қажетті мынадай дағдылар жиынтығын дамытудың маңызы зор:

- әртүрлі типтегі мәтіндерді (ақпараттық, қолданбалы сипаттағы, әдеби т.б.) оқу немесе тыңдау арқылы ақпараттарды түсіну, дұрыс қабылдау;
- түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты ала білу;
- бұқаралық ақпарат құралдары мен ғаламтор ақпараттарын қажеттілігіне қарай пайдалана білу және сыни тұрғыдан бағалай алу;
- дереккөздерге сүйене отырып шешімдер қабылдау, ақпараттарды сілтеме ретінде қолдану;
- кесте, диаграмма, сурет, сызба, шартты белгілер түрінде берілген мәтіндерді түсініп оқып, қажеттілігіне қарай өз мәтіндерін құрастыруда қолдана білу;
- мәтінмен жұмыс істеуде түрлі оқу стратегияларын меңгеру.

Қазіргі әлемде сауаттылық ұғымы әртүрлі мәтіндерді түсінумен тығыз байланыста қарастырылады. Сондықтан оқушыларды оқу сауаттылығы арқылы өмірге дайындау үшін бірінші кезекте оларды дәстүрлі мәтін түрлерінен басқа да мәтіндермен жұмыс істеуге үйрету керек. PISA халықаралық емтиханының тапсырмаларының үлгісінде тұтас мәтіндермен қатар аралас және графикалық мәтіндер кеңінен қолданылады. Тұтас емес мәтін түрлері (графикалық мәтіндер) ретінде түрлі графиктер, диаграммалар, сызбалар, кестелер мен географиялық карталар, билет түрлері, көліктердің қозғалыс кестесі сияқты күнделікті жиі қолданылатын дереккөздерді алуға болады. Мәтіннің түрі ғана емес, мазмұнының да функционалды сауаттылықты дамытатын өмірлік тақырыптарға арналуы өте маңызды. Мысалы, келесі мазмұндағы мәтіндер бойынша тапсырмаларды орындау оқушылар үшін де қызықты болары сөзсіз:

- түрлі мемлекеттік ұйымдар немесе жастар орталықтарына жұмысқа орналасу үшін ақпарат іздеу;
- электронды сауалнамалар, түрлі ресми құжаттарды толтыру;
- көліктердің қозғалыс кестесін қолдану, жол жүру билеттерін сатып алу;
- демалыс және саяхаттар туралы ақпараттар жинау;
- ауа райы туралы сайттарды қолдану;
- географиялық карталарды қолдану;
- ас мәзірлерін, түрлі нұсқаулықтарды пайдалану;
- фильмдер, кітаптар, музыкалық шығармалар туралы ақпараттарды іздеу, талқылау, бағалау;
- ғаламтор дүкендері қызметтерін пайдалану және т.б. [3].

Оқылым дағдысы – тұлғаның толыққанды қарым-қатынас жасауы мен дамуы, қажетті және әлеуметтік ортада өмір сүруі үшін маңызды дағды. Себебі көптеген ғылыми зерттеулерде адамдардың өмір бойы оқу дағдысын қолданатыны дәлелденген. Сол себепті де оқылым дағдысы бойынша жүргізілетін жұмыстарға тың өзгерістер қажет. Әрине, тілді меңгертуші мамандарға мәтінмен жұмыстың маңыздылығы мен тиімділігі жайлы ұғындырудың қажеті жоқ, олардың бұған әлдеқашан көздері жеткен. Алайда, көптеген мұғалімдер оқу сауаттылығын дамыту барысында мәтін түрлерін таңдау, мәтінді бейімдеу, тапсырмалар құрастыруда оқушыға бағдарланған әдістерді пайдалану, жоғары танымдық қажеттілікпен өзара байланысты дағдыларды тексеретін тапсырмалар құрау кезінде қолдауды қажет ететіні күнделікті тәжірибе кезінде жиі байқалады. Осыған байланысты оқушылардың оқу сауаттылығын дамытудағы маңызды кезең – мәтінді дұрыс таңдауға ерекше көңіл бөлу қажет.

Оқу сауаттылығын қалыптастыру бағытында мұғалім оқушыға оқулықта ұсынылған материалды ғана емес, әдеби шығармаларға қоса, мақалалар, электронды хаттар, блогтар, статистикалар, кесте, графикалық ақпараттарды, хабарландыру, шолу, жарнама, нұсқаулық, мәзір, этикеткалар мен түрлі нұсқаулықтарды мәтін ретінде ұсынып, ресурс ретінде қолдана алады. Мақалалар, электронды хаттар, блогтар, статистикалар, кесте, график, хабарландыру,

шолу, жарнама, нұсқаулық, мәзір, этикеткалар мәтін болатын болса, «оларды қалай таңдаймыз, қандай параметрлермен өлшейміз, мәтінді сыныпқа әкелмес бұрын «нені ескереміз, қандай белгілеріне қараймыз?» деген сауалдар көп туындайды. Мәтінді таңдау кездейсоқтыққа бағытталмай, ұзақ та терең ойлауды қажет ететін үдеріс болу керек. Егер мұғалім мәтінді оқушыға өтімді болатындай іріктесе, оқушылардың бар назары осы таңдалған мәтінге ауады, бұл өз кезегінде мәтіндегі тілдік құрылымдарды қабылдауға, сөздерді жадына сақтауға, терең түсінуге әкеледі. Демек, оқу сауаттылығын дамытудағы алғашқы қадам мәтіндерді дұрыс таңдау болып отырғандықтан, келесі мәселелер ескерілуі қажет:

мазмұны үнемі қандай да бір моральдық түйінге әкелетін немесе танымдық бағыттағы бірсарынды ақпараттық мазмұндағы мәтіндерге қарағанда күнделікті өмірге байланысты түрлі жағдаяттарға негізделген (қоғамдық, жеке, білім, кәсіби (театр, өнер)) мәтіндерді таңдау нәтиже береді;

мәтін мазмұны баланың жас ерекшелігіне сай болып, психологиясына кері әсер етпеуі тиіс; балаға теріс тәрбие беретін (мысалы, түрлі субмәдениеттерді насихаттау, теріс ағымдағы діни ағымдарды дәріптеу т.б.) мәтіндерді таңдамаған дұрыс;

мәтін таңдауда бала қызығушылығын да ескеру қажет, мысалы сіз оқушының отбасына, таныстарына, өзіне әсер еткен ағымдағы әлеуметтік жағдаят туралы алсаңыз, оларға мәтін қызықтырақ болады;

үнемі бір стильді қолданғаннан гөрі әртүрлі стильдегі мәтіндерді ауыстырып қолдану пайдалырақ;

егер графикалық (аралас немесе тұтас емес) мәтін түрін таңдасаңыз, иллюстрациялардың анық және мәтінге сай болуы ескерілуі қажет;

мәтін күрделілігі оқушы деңгейіне сай болғаны дұрыс [4].

Мәтін әрі лингвистикалық, әрі экстралингвистикалық құбылыс ретінде қоршаған ортамен тікелей байланыста болады. Сөйлеу әрекетінің субъектілерінен тыс, коммуникацияның талабы бойынша ауызша не жазбаша сөйлеу тыңдаушыға әсер етуі тиіс. Демек, кез келген мәтін түрі (көркем, ғылыми т.б.) адресатқа әсер етуі тиіс. Әсер ете білу қызметі автордың интенциясына, уәжіне, мәтіннің негізгі идеясына тікелей байланысты. Дұрыс таңдалған мәтінмен жұмыс жасағанда келесі кезекте мәтінді мақсатты түрде дұрыс оқуды жүйелі жоспарлау қажет. Себебі, оқылым бойынша орындалатын тапсырмалардың сапасы мәтінді түсіну деңгейіне тығыз байланысты. Интерпретациялау кез келген мәтіннің түпнұсқасының коммуникативтік белгілерінің тұтас жеткізілуіне, оқырманның мазмұнды дұрыс түсінуіне мүмкіндік беретін бірден-бір тәсіл болып саналады. Сондықтан оқушыларға мәтінді оқуды ұсынғанда бірден тапсырма мазмұнын қамтитын оқу түріне бағыттау қажет. Осы орайда оқу дағдысының келесі түрлері тәжірибеде сәтті қолданылып жүр.

Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу (skimming) – бұл оқу түрін мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу қажет болғанда қолдануға болады [5].

Нақты ақпараттарды табу үшін оқу – мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу мақсаты көзделгенде қолданылады.

Детальді түрде оқу – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін әр сөзге терең мән бере отырып оқимыз.

Сөз мағынасын мәнмәтіннен ажырату – мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын түсіну (болжау) үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару. Бұл оқу түрі жекелеген сөздердің мағынасын анықтау мақсатында қолданылады.

Оқу сауаттылығын қалыптастыру немесе дамыту барысында мәтіннің қызметін толық пайдалану үшін жоғарыдағы аталған оқу түрлерін тиімді меңгертіп, оқылым дағдысын дұрыс ұйымдастырудың да маңызы зор. Себебі бүгінгі педагогикалық инновацияда оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім мазмұнының негізі болып табылады. Әлемдік контексте де оқу сауаттылығы қазіргі қоғам өміріне дайындаудың негізгі параметрлерінің бірі ретінде өзекті болып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: Оқу-әдістемелік құрал. - Орал: «Ағартушы», 2008. - 148 б.
2. 2008. - 148 б.
3. Жармакин О.Қ., Мағзұмов Қ.Б. Мәтін лингвистикасы: филология мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Павлодар: Кереку, 2011. – 84 б.
4. Кіріктірілген білім беру бағдарламасы. Оқыту орыс тілінде жүретін негізгі мектепке (6-10-сынып) арналған оқу бағдарламасы. 2019 жыл, сәуір. – 51 б.
5. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп және отбасының өзара іс-әрекетінің мазмұны мен түрлері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 38 б.
6. Рауандина А.К. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6-сыныптары): пед.ғыл.канд... дисс. ... авторефераты. – Алматы, 2010. – 31 б.
7. Читательская грамотность российских учащихся. http://www.centeroko.ru/pisa09/pisa09_res.htm